

Бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 25 ақпан N 200. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.02. N 1092 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
Ескерту. Кіріспеден сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.12.02. N 1225 қаулысымен .

1. Қоса беріліп отырган Бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеудің ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2003 жылғы
25 ақпандагы N 200 қаулысымен
бекітілген

**Бала тууына байланысты берілетін бір жолғы
мемлекеттік жәрдемақы төлеудің
ережесі**

Осы Ереже бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі - жәрдемақы) төлеудің тәртібін белгілейді. <*>

Ескерту. Кіріспеден сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.12.02. N 1225 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдары;

жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны;

жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті орган - заңнамада белгіленген тәртіппен іріктелген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар банктер немесе ұйымдар.

2. Жәрдемақы алуға Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шет елдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың құқығы бар.

3. Жәрдемақыларды төлеу ата-анасының біреуіне (тірі бала туған аласына не осы баланың әкесіне), ата-анасының екеуі де болмаған жағдайда - қамқоршыларына не баланың өзге занды өкілдеріне табысына қарамастан жүргізіледі. <*>

Ескерту. 3-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.12.02. N 1225 қаулысымен

4. Бала өлі туған жағдайда жәрдемақы төленбейді.

5. Екі немесе одан да көп бала туған жағдайда жәрдемақы әрбір балаға төленеді.

6. Туған әрбір балаға жәрдемақы төлеу тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүзеге асырылады. <*>

Ескерту. 6-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.12.02. N 1225 қаулысымен

7. Жәрдемақыларды төлеу көзі республикалық бюджет қаражаты болып табылады.

8. Жәрдемақы алуға өтініш беру мерзімі баланың туған күнінен бастап 12 айдан аспауға тиіс. <*>

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.12.02. N 1225 қаулысымен.

2. Бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы алуға өтініш беру тәртібі

9. Жәрдемақыны алушылар тұрғылықты жері бойынша жәрдемақы төлеу жөніндегі аудандық (қалалық) уәкілдегі органдарға мынадай құжаттар ұсынады:

1) белгіленген нысандағы өтініш (1-қосымша);

2) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі не емдеу мекемесінің бала туылғаны туралы анықтамасының көшірмесі; <*>

3) алушының жеке басын куәландыратын құжат;

4) тұрғылықты жерін растайтын құжат;

5) < * >

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.12.02. N 1225 қаулысымен.

10. Асырап алушы (қыз асырап алушы), қамқоршы осы Ереженің 9-тармағында көзделген құжаттардан басқа тиісті органның асырап алу (қыз асырап алу) немесе қамқорлығына алу туралы шешімінің үзіндісін ұсынады.

11. Салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, кейіннен құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

12. Жәрдемақыларды төлеу жөніндегі аудандық (қалалық) уәкілдегі

ұйымдардың қызметкерлері құжаттар көшірмелерін растайды, қоса беріліп отырған құжаттармен бірге өтінішті журналда тіркейді және өтініш берушіге өтінішті қабылдағаны туралы белгісі бар жыртпалы талон береді.

Өтінішті және құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес күн ішінде іс қалыптастырылады және жәрдемақыны тағайындау туралы шешімінің жобасы (2 - қосымша) **әзірленеді.**

13. Жәрдемақыларды төлеу жөніндегі аудандық (қалалық) уәкілетті ұйымдар 3 күн мерзімде жәрдемақы төлеу жөніндегі облыстық, Астана және Алматы қалалары уәкілетті ұйымдар арқылы істер мен жәрдемақыларды тағайындау туралы шешімдердің жобасын жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі тиісті уәкілетті органға **жібереді.**

14. Жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі уәкілетті орган істі алған күннен бастап он күн ішінде оны қарайды, басшы қол қоятын жәрдемақыны төлеу туралы шешімді қабылдайды және оларды аудандық (қалалық) жәрдемақыларды төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдарға жібереді.

3. Бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу тәртібі

15. Жәрдемақылар төлеуді жәрдемақыларды төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым жәрдемақы беретін уәкілетті ұйымдар арқылы жүзеге асырады.

16. Жәрдемақыларды төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі уәкілетті органдар қабылдаған шешімдер негізінде жәрдемақыларды төлеуге арналған қаражат қажеттілігі өтінімін жасайды және оларды айдың 25 күні Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты өлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі - министрлік) береді.

17. Министрлік жәрдемақыларды төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның есеп айырысу шотына министрліктің тиісті жылға арналған міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес бөлінген сомалар шегінде **қаражат аударады.** <*>

Ескерту. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.12.02. N 1225 қаулысымен.

18. Жәрдемақыларды төлеу жөніндегі республикалық уәкілетті ұйым облыстар, Астана және Алматы қалалары бөлінісінде жәрдемақыларды төлеу жөніндегі кесте жасайды және үш банк күні ішінде жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті ұйымға белгіленген тәртіппен алушылардың ағымдағы шотына аудару жолымен төлем тапсырыстарын аударады.

19. Төлеу жөніндегі облыстық, аудандық және қалалық уәкілетті ұйымдар мен жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті ұйымдар арасында төленген сомалар бойынша салыстыру актілері жасалады.

20. Министрлік және жәрдемақыларды төлеу жөніндегі республикалық уәкілетті орган арасында бөлінген қаражат бойынша ай сайын салыстыру актісі

ж а с а л а д ы .

21. Жәрдемақыларды беру жөніндегі қызметтер көрсетуге ақы төлеу жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым мен жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті ұйым арасында заңнамада белгіленген тәртіппен жасасқан шарттың негізінде жүргізіледі.

4. Бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың уақытылығы және төленуін үшін жауапкершілік

22. Жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі уәкілетті органдар, сондай-ақ жәрдемақылар төлеу және беру жөніндегі уәкілетті ұйымдар тиісінше жәрдемақыларды тағайындаудың, төлеудің және берудің уақытылығы үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Е р е ж е г е

1 - қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік

корғау министрлігі аумақтық

органының бастығы _____

Өтініш

Бала тууга байланысты маған бір жолғы жәрдемақы тағайындауынызды сұраймын

Тегі _____

Аты _____

Ә к е с і н ің

аты _____

ӘЖК _____

СТН _____

Мекен жайы _____

Жеке басын куәландыратын құжат _____
(құжаттың түрін көрсету)

Сериясы _____ нөмірі _____ кім берді _____
200 _____ ж. _____
(өтініш берушінің қолы)

Өтініш қабылданды

200 _____ ж. _____
(құжатты қабылдаған адамның Т.А.Ә.
және қолы)

(кесу сзығы)

Азамат _____ данада қоса берілген
құжаттарымен 200__ ж._____ қабылданды

(құжатты қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

Е р е ж е г е

2-қосымша

Бала тууга байланысты бір жолғы мемлекеттік жердемакы тағайындау туралы шешім

N_____ 2003 жылғы_____

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің_____ облысы бойынша департаменті істің N_____

Азамат _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Баланың туған күні_____

Туу туралы куәліктің N_____ берілген күні_____

Туу туралы куәлікті берген органның атауы_____

Есептелген сома_____

(жазбаша)

М . О . Е н б е к ж е н е х а л ы қ т ы
әлеуметтік қорғау министрлігі
департаментінің директоры
(қолы) _____

(тегі)

Тағайындау жөніндегі маман
(қолы) _____

(тегі)

Ш е ш і м ж о б а с ы н ә з ірл е д і :
М . О . З Т М О б ё л і м ш е с і н ің б а с т ы ғ ы
(қолы) _____

(тегі)

З Т М О б ё л і м ш е с і н ің м а м а н ы
(қолы) _____

(тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК